

Текелі қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі № 6-30 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

Текелі қалалық мәслихатының:

1) 2014 жылғы 04 шілдедегі "Текелі қалалық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы "Текелі қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 27-172 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" № 31-201 шешімінің (2014 жылғы 30 шілдеде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2789 тіркелген, 2014 жылғы 8 тамыздағы № 32 (3191) қалалық "Текелі тынысы" газетінде жарияланған);

2) 2014 жылғы 24 қарашадағы "Текелі қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" № 35-225 (2014 жылғы 11 желтоқсанда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2960 тіркелген, 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 2 (3213) қалалық "Текелі тынысы" газетінде жарияланған);

3) 2014 жылғы 19 желтоқсандағы "Текелі қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 36-229 (2015 жылғы 27 қаңтарда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3010 тіркелген, 2015 жылғы 13 ақпандағы № 7 (3218) қалалық "Текелі тынысы" газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихат
хатшысы

Т. Жұмаділов

Н. Калиновский